



Баспасөз хабарламасы

2025 жылғы 24 сәуір

Астана қ

КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДА НЕМЕСЕ ОСЫНДАЙ ТАРАТУ ЗАҢСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДА ТҰРАТЫН НЕМЕСЕ БОЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ТҰЛҒАҒА ТАРАТУҒА АРНАЛМАҒАН.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ» АҚ ӨЗІНІҢ БАРЛЫҚ ӨТЕЛМЕГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН ЖЫЛДЫҚ 5,75% СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІМЕН ЖӘНЕ 2025 ЖЫЛЫ ӨТЕУ МЕРЗІМІМЕН АҚШ ДОЛЛАРЫМЕН САТЫП АЛЫНАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ҮШІН СЫЙАҚЫ ТӨЛЕЙ ОТЫРЫП САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТЫҢ СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАЙДЫ.

24 сәуір 2025 жыл - "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ ("Оферент"), Қазақстан Республикасында құрылған акционерлік қоғам, 2025 жылғы 25 наурыздағы сатып алу ұсынысында көрсетілген шарттарда ("Сатып алу ұсынысы") әрбір Ұстаушыға (Сатып алу ұсынысында анықталғандай) ақшалай сыйақы төлей отырып, Оферент шығарған ("Тендерлік ұсыныс") жылдық 5,75% сыйақы мөлшерлемесімен және 2025 жылы өтеу мерзімімен барлық облигацияларды ("Облигациялар") сатып алу туралы ұсыныстың басталғаны жайында 2025 жылдың 25 наурызында хабарлады. Осы құжатта қолданылатын, бірақ анықталмаған бас әріппен жазылған терминдердің Сатып алу туралы ұсыныста көрсетілген мағыналары болады.

Оферент орта мерзімді облигациялар бағдарламасы шеңберінде шығарылған, АҚШ долларымен деноминалданған жаңа еурооблигациялар ұсынысымен бірге Тендерлік ұсыныс жасады. («АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар») («АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар ұсынысы»). АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар ұсынысы 2025 жылдың 7 сәуірінде жабылды. АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар ұсынысынан түскен қаражаттар, басқалармен қатар, Тендерлік ұсынысты қаржыландыруға жұмсалды.

Ерте қатысу нәтижелері

2025 жылдың 7 сәуіріндегі Нью-Йорк уақыты бойынша сағат 17:00-дегі жағдай бойынша («Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі») 14 400 000 АҚШ долларына тең негізгі қарыздың жиынтық сомасына АҚШ долларындағы облигациялары белгіленген тәртіпте сатып алуға ұсынылды және қайтарып алынбады.

2025 жылдың 9 сәуірінде («Ерте есеп айырысу күні») Оферент белгіленген тәртіппен саудаға шығарылған және Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған сәтте қайтарып алынбаған барлық Облигацияларды өтеуге қабылдады.

Соңғы нәтижелер

Тендерлік ұсыныстың мерзімі 2025 жылдың 22 сәуірінде Нью-Йорк уақыты бойынша 17:00-де аяқталды ("Ұсыныс мерзімі"). Ұсыныс мерзімі аяқталған сәтте Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін өтеу үшін ешбір қосымша

Облигациялар ұсынылмаған және Оферент өтеу үшін қосымша Облигацияларды қабылдаған жоқ. Сәйкесінше, Ұсыныс мерзімі аяқталған сәтте 310 746 000 АҚШ долларына тең негізгі қарыздың жиынтық сомасында өтелмеген Облигациялар қалды.

* * *

Оферент Citigroup Global Markets Limited, "Halyk Finance" АҚ, J.P. Morgan Securities plc, және Société Générale Тендерлік ұсыныс бойынша дилер менеджерлер ретінде және Sodali & Co Ltd. Тендерлік ұсыныс бойынша Ақпараттық және тендерлік агент ретінде тартқан.

Бұл хабарламаны тарату кейбір юрисдикцияларда заңмен шектелуі мүмкін, сондықтан ол шығарылған, жарияланған немесе таратылған юрисдикцияларда орналасқан тұлғалар мұндай шектеулерді білуі және сақтауы керек. Бұл шектеулерді сақтамау кез келген юрисдикцияның заңдарын бұзу болып табылуы мүмкін.

Жауапкершіліктен бас тарту

Бұл хабарландыру тек ақпараттық мақсаттарға арналған. Тендерлік ұсыныс тек Сатып алу ұсынысына сәйкес және тек қолданыстағы заңнама рұқсат еткен юрисдикцияларда жасалған. Осы хабарландыру да, Сатып алу ұсынысы да, сондай-ақ Тендерлік ұсынысқа қатысты кез келген басқа құжаттар немесе материалдар да мұндай ұсыныс немесе шақыру заңсыз болған кез келген юрисдикцияда орналасқан немесе тұратын кез келген тұлғаға Облигацияларды сатып алу немесе тендерге қатысуға шақыру немесе сату ұсынысы болып табылмайды.